

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**
**«ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ» бағыты бойынша Академиялық
комитеттің кезекті № 8 мәжілісінің хаттамасы**

Түркістан қаласы
Ректорат ғимараты, 222-аудитория/сағат 14:30

16.05.2023 жыл

Академиялық комитет мәжілісіне қатысқандар: АҚ төрағасы, Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі, доц. PhD А.Амирбек, Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшысы Шахабаев Е.Ш, Академиялық департамент директоры Бостанова А.М., Экономика, басқару және құқық факультетінің деканы Баймағанбетов С., Экономика, басқару және құқық факультетінің декан орынбасары Байбақов Н., Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі басшысының орынбасары Полатбекова К., Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскерлері Г. Тасболатова, Шалтаева М. және Киянбекова А., Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының басшысы Мухитдинова С.М.

АҚ мүшесі, Академиялық персоналдар: Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар кафедрасының доц. м.а. PhD Тажибаев Р.

АҚ мүшесі, жұмыс беруші өкілдері: «Түркістан облысының Қоғамдық даму басқармасы отбасы және жастар мәселесі жөніндегі бөлімі» басшысы Н.Аралбеков.

АҚ мүшелері, білімгерлер өкілдері: 6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасының студенті А. Нариманова..

Қатыспағандар: -

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Әртүрлі мәселелер.

1.1. 6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасына өзіндік бағалау жүргізу

1.2 Мамыр айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Жауаптылар: Экономика, басқару және құқық факультетінің деканы, Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі, доц. PhD А.Амирбек, доц. м.а PhD Тажибаев Р.

6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасына өзіндік бағалау жүргізу жұмысы бойынша Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі, доц. PhD А.Амирбек баяндама жасады. Доц. PhD А.Амирбек ББ-ның соңғы 3 жылдағы Атамекен және НААР рейтингілеріне қатысқанын және 2020 жылғы Атамекен рейтингісі бойынша 21 ЖОО-ның ішінде 16 орында екенін, 2021 жылғы НААР рейтингісі бойынша 10 ЖОО-ның ішінде 5-орында екенін білдірді. Сонымен қатар, шетелдік университеттермен серіктестік бағытында жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, Мармара университетімен қос диплом бағытында, Қажы Байрам Уәли университетінде ББ бойынша студенттердің ұтқырлық бағдарламасына қатысуын арттыру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

ББ-ға байланысты ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет басқармасы, Түркістан облысы Қоғамдық даму басқармасы Отбасы және жастар мәселесі жөніндегі бөлім, Еуразия ғылыми-зерттеу институты және «Оңтүстік Қазақстан облысының талдау және болжау» орталығы секілді жұмыс берушілердің өкілдерімен кездесу болды. Жұмыс берушілермен болған кездесу барысындағы сұхбат барысында ББ-ға қатысты біршама ұсыныстар түсті. Бұл ұсыныстар

жаңа ББ-ны қалыптастыру барысында назарға алынды. Дәл осындай кездесу бизнес өкілдерімен және түлектермен де болып, кездесуден тиісті қортынды шығарылды. Сонымен қатар, білімгерлер, жұмыс берушілер, түлектер және өзге де қызығушы тараптар арасында ББ-ға қатысты сауалнамалар жүргізіліп, нәтижелері жаңа оқу жылына дайындалып жатқан ББ-ны қалыптастыруда назарға алынды.

Баяндамадан кейін, Академиялық департамент директоры Бостанова А.М. сөз алып, 6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасы бойынша жасалған өзіндік бағалаудың талапқа сай жүргізілгенін білдіріп, кафедраның бұл бағытта атқарып жатқан жұмысын құптады. Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі, доц. PhD Амирбек А. аталған ББ-ның өзіндік бағалауы талапқа сай рәсімделіп, нәтижелерін қолданысқа ендіру әрекеті жасалып жатқанын айтып, өз сөзін аяқтады.


Шешім: 6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасы бойынша жасалған өзіндік бағалау қанағаттанарлық деп танылсын және Мамыр айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылданын.

**Академиялық комитет
төрағасы:**



Амирбек А.

**Академиялық комитет
хатшысы:**



Тажипбаев Р.